

МҮЛІКТІ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМА



САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

1. Сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы сақтандырушыға жазбаша нысанда (байланыстың кез келген қолжетімді тәсілімен) хабарлауға.
2. Залалдың алдын алу немесе азайту, сондай-ақ сақтандырылған мүлікті құтқару үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға.
3. болған оқиға туралы тиісті құзырет органдарына: ішкі істер, өрт қадағалау органдарына, авариялық қызметтерге және т. б. мәлімдеуге және оқиғаның құзыретті органдарда құжаттамалық ресімделуін қамтамасыз етуге.
4. Сақтандырушыға бүлінген немесе жоғалған сақтандырылған мүліктің тізімдемесін беруге.
5. Сақтандырушыға немесе оның өкілдеріне бүлінген мүлікті (оның бөліктерін, бөлшектерін, қалдықтарын) қарап-тексеруді және/немесе зерттеп-қарауды жүргізуге, болған оқиғаның себептері мен мән-жайларын тергеп-тексеруге мүмкіндік беруге.
6. Сақтандырушының талабы бойынша оған келтірілген залалдың мөлшерін айқындауға, сақтандыру оқиғасының себептерін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті барлық ақпаратты, сондай-ақ ұсыну қажеттілігі болған оқиғаның сипатымен айқындалатын құжаттарды жазбаша түрде беруге міндетті.



САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мынадай құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады:
 - Сақтандыру шартының көшірмесі (оның телнұсқасы);
 - Сақтандырылған мүлікті иелену, пайдалану және/немесе оған билік ету құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе олардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
 - Сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті органдардың (ішкі істер, өртке қарсы қызмет, авариялық қызметтер, Төтенше жағдайлар жөніндегі қызмет және т. б.) құжаттарының түпнұсқалары немесе тиісті түрде куәландырылған көшірмелері, оның ішінде:
 - сақтандыру оқиғасының себептері мен салдарын айқындайтын гидрометеорологиялық қызметтің, өртке қарсы және құқық қорғау органдарының, төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтің, мемлекеттік комиссиялардың және т. б. аумақтық бөлімшелерінің актілері, қорытындылары және өзге де құжаттары;
 - ішкі істер органдарынан қылмыстық іс қозғау туралы анықтама (үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-қимыл фактісі бойынша);
 - сақтандыру жағдайының басталғанын, келтірілген залалдың себептері мен мөлшерін растайтын өзге де ресми құжаттар;
 - Жеке кәсіпкер ретінде Сақтанушының жеке куәлігінің көшірмесі және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (егер сақтанушы дара кәсіпкер болса);
 - Сақтандыру оқиғасы басталған күнге бүлінген мүліктің нарықтық құнын көрсете отырып, сақтанушының (сақтандырылушының) иелігіндегі, пайдалануындағы және/немесе өкіміндегі бүлінген немесе жоғалған мүліктің тізімдемесі;
 - Сақтандыру компаниясында іс жүргізу құқығына сенімхат және сақтандыру төлемін алу (заңды тұлға үшін немесе пайда алушының мүддесін білдірген жағдайда);
 - Мүлікті бағалау актісі (бар болса), сондай-ақ залал мөлшерін айқындайтын өзге де құжаттар;
2. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда сақтандырушы 10 (он) жұмыс күні ішінде (соңғы құжатты алған күннен бастап) сақтанушыға (сақтандырылушыға/пайда алушыға) жетіспейтін құжаттарды көрсету қажеттігі туралы хабарлайды.
3. Сақтандыру жағдайын тексеру мақсатында сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер, өрт қадағалау органдары, авариялық-техникалық қызметтер, авариялық қызметтер және т.б.), сақтандыру оқиғасының басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар мекемелер мен ұйымдардан мәліметтер мен құжаттарды сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.
4. Уәкілетті органдардың құжаттарын Сақтанушы (сақтандырылушы немесе пайда алушы) түпнұсқада не нотариалды куәландырылған көшірмелерде не құжатты берген мемлекеттік органның немесе ұйымның жауапты тұлғасының мөрімен және қолымен ұсынады.